

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Қ.ЖҰБАНОВ АТЫНДАҒЫ АҚТӨБЕ Өңірлік мемлекеттік университеті



1-курс студенттеріне арналған
анықтамалық көрсеткіш



АҚТӨБЕ 2017

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің 1-курс студенттеріне арналған анықтамалық көрсеткіш.

Құрастырғандар: Академиялық мәселелер және білім сапасын бағалау департаментінің директоры А.Т.Мухтаров, тіркеу офис бастығы Г.Т. Жусупова. – Ақтөбе, 2017.

Жалпы редакциясын басқарған филология ғылымдарының докторы, профессор
Б.А.Ердембеков

ISBN 9965-662-48-7

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің анықтамалық көрсеткіші студенттерге қажетті университет туралы қамтылған жан-жақты мәліметтерден тұрады.

Кредиттік оқу жүйесі және студенттердің оқу қызметінің жаңа шарттары туралы ақпаратқа ерекше көңіл бөлу ұсынылады.

ISBN 9965-662-48-7

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік
мемлекеттік университеті
030000, Ақтөбе қаласы,
Ә.Молдағұлова даңғылы, 34
WEB-сайт: arsu.kz
Email: info@arsu.kz
Телефон, факс: 8 (7132) 56-82-80;

КІРІСПЕ

Құрметті бірінші курс студенті!

Сіздің таңдаған мамандығыңыз бойынша оқу барысында үлкен жетістіктерге жетуге тілектеспіз. Біздің оқу орында жоғарғы білім жүйесіндегі қазіргі заман талабына сай оқудың кредиттік технологиясына сәйкес таңдаған мамандығың бойынша болашақ кәсіптік қызметтің іскерлігін игеру қажет.

Бұл анықтамалық көрсеткіш біздің университет студенттерінің оқу, ғылыми-зерттеу және сабақтан тыс жұмыстарын ұйымдастырылу шаралары туралы қажетті мәліметтермен танысуыңызға мүмкіндік береді.

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті - Қазақстанның танымал жоғары оқу орындарының бірі, түлектері жоғары білікті мамандар ретінде белгілі.

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университеті 1966 жылы Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті мен Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің 15 сәуірдегі № 261 қаулысымен құрылған Ақтөбе педагогикалық институтының құқық қабылдаушысы болып табылады.

Алғашқы екі факультетте, яғни физика-математика және филология факультеттерінде күндізгі бөлімде - 250, сырттай бөлімде - 100 студент физика және математика, орыс тілі мен әдебиеті, қазақ мектебіндегі орыс тілі мен әдебиеті мамандықтары бойынша білім алды, 23 оқытушы, оның ішінде 4 ғылым кандидаты мен доценттер сабақ берді. Алғашқы оқытушылар қатарында жоғары және орта арнаулы білім Министрлігінің жолдауымен ғылым кандидаттары М.О. Төлегенов, П.Я. Шибает, В.Н. Смирнова, аспирантура бітіріп келген жас маман Ә.М.Молдаханов қызмет жасады. Қазақ КСР - і Министрлер Кеңесінің 1990 жылғы 23 ақпандағы № 72 қаулысымен Ақтөбе педагогикалық институтына қазақ тіл білімінің тұңғыш профессоры, лингвист-ғалым Құдайбергелі Қуанұлы Жұбановтың есімі берілді.

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1996 жылғы 7 мамырдағы № 573 қаулысымен Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе педагогикалық институты Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе университеті болып қайта құрылды. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 31 қаңтардағы № 163 қаулысымен Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе университетіне мемлекеттік мәртебе берілді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 3 ақпандағы №128 қаулысы бойынша құрамынан Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық институтының бөлініп шығуына байланысты Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университеті қайта құрылды. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 29 мамырдағы №529 Қаулысымен Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университеті мен Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық институтының бірігуі арқылы Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті болып қайта ұйымдастырылды.

Бүгінгі таңда университетте шамамен он мың студенттер, магистранттар мен докторанттар білім алуда. Университет түлектерін кәсіби жоғарлауға мүмкіндік ашатын мемлекеттік мекемелер, өнеркәсіптік, құрылыс, қаржы, көлік кәсіпорындары мен компаниялар күтіп отыр. Отандық және халықаралық ірі компаниялардың жылдан жылға университет мамандарына қызығушылығы өсіп келе жатыр.

Іске сәт!

1. ЖАЛПЫ МӘЛІМЕТ

ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ

Мекен -жайы: Ақтөбе қаласы, Гришина көшесі, 7А

Факультет бакалавриаттың 5 мамандығы және магистратураның 1 мамандығы бойынша мамандар дайындайды:

Бакалавриат:

- 5В011700-Қазақ тілі мен әдебиеті;
- 5В011800-Орыс тілі мен әдебиеті;
- 5В012100-Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті;
- 5В012200-Орыс тілінде оқытпайтын мектептердегі орыс тілі мен әдебиеті;
- 5В020500-Филология: қазақ филологиясы.

Магистратура: 6М020500-Филология.

2014 жылдың сәуір айында өткізілген «Аккредиттеудің және рейтингтің тәуелсіз Агенттігі» коммерциялық емес мекемесі Сыртқы эксперттік комиссиясының тексеру қорытындысы бойынша факультеттің барлық мамандықтары мамандандырылған аккредиттеуден 5 жылға сәтті өтті.

5В020500-Филология мамандығының білім алушылары төмендегідей мамандандырулар бойынша жеке траекторияларды таңдауға құқығы бар:

- Журналистика
- Қытай тілінде іс қағаздарын жүргізу.

Факультет Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі тарапынан республиканың барлық жоғары оқу орындары арасындағы өткізілетін рейтингке тұрақты қатысып келеді:

- 5В011700-Қазақ тілі мен әдебиеті – II орын (2017 ж.);
- 5В012200-Орыс тілінде оқытпайтын мектептердегі орыс тілі мен әдебиеті – II орын (2017ж.);
- 5В020500-Филология: қазақ филологиясы - IV орын (2017ж.).

ПЕДАГОГИКА ФАКУЛЬТЕТІ

Мекен -жайы: Ақтөбе қаласы, Ә.Молдағұлова даңғылы, 34

Педагогика факультеті 6 бакалавриат және 3 магистратура мамандықтары бойынша мамандар дайындайды.

Бакалавриат:

- 5В010100-Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу;
- 5В010200-Бастауышта оқытудың педагогикасы мен әдістемесі;
- 5В010300-Педагогика және психология;
- 5В010500-Дефектология;
- 5В012300-Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану;
- 5В050300-Психология.

Магистратура: 6М010100-Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу, 6М050300-Психология, 6М010300-Педагогика және психология.

2013 жылы өткізілген «Аккредиттеудің және рейтингтің тәуелсіз Агенттігі» коммерциялық емес мекемесі Сыртқы эксперттік комиссиясының тексеру қорытындысы бойынша факультеттің 5В010100-Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу, 5В010300-Педагогика және психология, 5В010200-Бастауышта оқытудың педагогикасы мен әдістемесі мамандықтары және 2016 жылы 5В010500-Дефектология, 5В012300-Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану, 5В050300-Психология мамандықтары мамандандырылған аккредиттеуден 5 жылға сәтті өтті.

5B010500-Дефектология мамандығының білім алушылары төмендегідей мамандандырулар бойынша жеке траекторияларды таңдауға құқығы бар:

- Олигофренопедагогика;
- Логопедия (білім беру көптілділік бағдарламасы бойынша жүзеге асырылады.);
- Арнайы мектепке дейінгі ұйымдарының тәрбиешісі және әдіскері.

Факультет Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі тарапынан республиканың барлық жоғары оқу орындары арасындағы өткізілетін рейтингке тұрақты қатысып келеді:

- 5B010500-Дефектология - V орын (2017ж.);
- 5B012300-Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану - IV орын (2017ж.);
- 5B050300-Психология - III орын (2017ж.).

КӘСІБИ-ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ФАКУЛЬТЕТІ

Мекен - жайы: Ақтөбе қаласы, Ә.Молдағұлова даңғылы, 34

Кәсіби-шығармашылық факультеті 6 бакалавриат мамандықтары бойынша мамандар дайындайды.

Бакалавриат:

- 5B010600-Музыкалық білім;
- 5B010700-Бейнелеу өнері және сызу;
- 5B010800-Дене шынықтыру және спорт;
- 5B012000-Кәсіптік оқыту;
- 5B042100-Дизайн;
- 5B0040900-Хореография.

2016 жылы өткізілген «Аккредиттеудің және рейтингтің тәуелсіз Агенттігі» коммерциялық емес мекемесі Сыртқы эксперттік комиссиясының тексеру қорытындысы бойынша факультеттің 5B010700-Бейнелеу өнері және сызу, 5B010800-Дене шынықтыру және спорт, 5B012000-Кәсіптік оқыту мамандықтары мамандандырылған аккредиттеуден 5 жылға сәтті өтті.

5B042100-Дизайн мамандығының білім алушылары төмендегідей мамандандырулар бойынша жеке траекторияларды таңдауға құқығы бар:

- Сәулет дизайны;
- Графикалық дизайны;
- Сән дизайны.

Факультет Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі тарапынан республиканың барлық жоғары оқу орындары арасындағы өткізілетін рейтингке тұрақты қатысып келеді.

ТАРИХ ФАКУЛЬТЕТІ

Мекен - жайы: Ақтөбе қаласы, Тургенев көшесі, 100 А.

Факультет бакалавриаттың 5 мамандығы және магистратураның 2 мамандығы бойынша мамандар дайындайды:

Бакалавриат:

- 5B011400-Тарих;
- 5B011600-География;
- 5B012900-География-Тарих;
- 5B020300-Тарих;
- 5B050500-Аймақтану;
- 5B090200-Туризм.

Магистратура: 6M011400-Тарих, 6M020300-Тарих мамандықтары.

2015 жылы өткізілген «Аккредиттеудің және рейтингтің тәуелсіз Агенттігі» коммерциялық емес мекемесі Сыртқы эксперттік комиссиясының тексеру қорытындысы бойынша факультеттің 5B011400-Тарих, 5B020300-Тарих мамандықтары және 2016 жылы 5B011600-География мамандығы мамандандырылған аккредиттеуден 5 жылға сәтті өтті.

Факультет Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі тарапынан республиканың барлық жоғары оқу орындары арасындағы өткізілетін рейтингке тұрақты қатысып келеді.

ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ФАКУЛЬТЕТІ

Мекен -жайы: Ақтөбе қаласы, Ы.Алтынсарин көшесі, 4.
Факультет бакалавриаттың 8 мамандығы және магистратураның 4 мамандығы бойынша мамандар дайындайды:

Бакалавриат:

- 5B030100-Құқықтану;
- 5B050600-Экономика
- 5B050700-Менеджмент;
- 5B050800-Есеп және аудит;
- 5B050900-Қаржы;
- 5B051000-Мемлекеттік және жергілікті басқару;
- 5B051100-Маркетинг.

Магистратура: 6M050600-Экономика, 6M050700-Менеджмент, 6M051000-Мемлекеттік және жергілікті басқару, 6M051100-Маркетинг.

2016 жылы өткізілген «Аккредиттеудің және рейтингтің тәуелсіз Агенттігі» коммерциялық емес мекемесі Сыртқы эксперттік комиссиясының тексеру қорытындысы бойынша факультеттің 5B050600-Экономика, 5B050800-Есеп және аудит, 5B050900-Қаржы, 5B051000-Мемлекеттік және жергілікті басқару мамандықтары мамандандырылған аккредиттеуден 5 жылға сәтті өтті.

5B050600-Экономика мамандығының білім алушылары төмендегідей мамандандырулар бойынша жеке траекторияларды таңдауға құқығы бар:

- Әлемдік экономика;
- Макроэкономика.

Факультет Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі тарапынан республиканың барлық жоғары оқу орындары арасындағы өткізілетін рейтингке тұрақты қатысып келеді.

ТЕХНИКАЛЫҚ ФАКУЛЬТЕТІ

Мекен -жайы: Ақтөбе қаласы, Ағ.Жұбановтар көшесі, 263.
Факультет бакалавриаттың 9 мамандығы бойынша мамандар дайындайды:

Бакалавриат:

- 5B070700-Тау кен ісі;
- 5B070800-Мұнай газ ісі;
- 5B070900-Металлургия;
- 5B071300-Көлік, көлік техникасы және технологиялары;
- 5B072000-Бейорганикалық заттардың химиялық технологиясы;
- 5B072100-Органикалық заттардың химиялық технологиясы;
- 5B072900-Құрылыс;
- 5B090100-Көлікті пайдалану және жүк қозғалысы мен тасымалдауды ұйымдастыру;

2015 жылы өткізілген «Аккредиттеудің және рейтингтің тәуелсіз Агенттігі» коммерциялық емес мекемесі Сыртқы эксперттік комиссиясының тексеру қорытындысы

бойынша факультеттің 5B070900-Металлургия, 5B072000-Бейорганикалық заттардың химиялық технологиясы, 5B072100-Органикалық заттардың химиялық технологиясы және 2016 жылы 5B070700-Тау кен ісі, 5B070800-Мұнай газ ісі, 5B071300-Көлік, көлік техникасы және технологиялары, 5B072900-Құрылыс мамандықтары мамандандырылған аккредиттеуден 5 жылға сәтті өтті.

5B070800-Мұнай газ ісі мамандығының білім алушылары төмендегідей мамандандырулар бойынша жеке траекторияларды таңдауға құқығы бар:

- Мұнай газ ұңғырларын бұрғылау;
 - Мұнай газ орындарын игеру және пайдалану.
- 5B072900-Құрылыс мамандығы бойынша:
- Өндірістік және азаматтық құрылыс технологиясы;
 - Автомобиль жолдары мен аэродромдар құрылысы;
 - Газ-мұнай-кұбырларының және газ-мұнай-қоймаларының құрылысы.

Факультет Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі тарапынан республиканың барлық жоғары оқу орындары арасындағы өткізілетін рейтингке тұрақты қатысып келеді:

- 5B070700-Тау кен ісі - IV орын (2017ж.);
- 5B070800-Мұнай газ ісі – V орын (2017ж.);
- 5B070900-Металлургия - III орын (2017ж.);
- 5B072000- Бейорганикалық заттардың химиялық технологиясы - V орын (2017ж.);

ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ФАКУЛЬТЕТІ

Мекен -жайы: Ақтөбе қаласы, Ә.Молдағұлова даңғылы, 34.

Факультет бакалавриаттың 5 мамандығы және магистратураның 3 мамандығы бойынша мамандар дайындайды:

Бакалавриат:

- 5B011200-Химия;
- 5B011300-Биология;
- 5B060600-Химия;
- 5B060700-Биология;
- 5B060800-Экология.

Магистратура: 6M011300-Биология, 6M060700-Биология, 6M060800-Экология.

2016 жылы өткізілген «Аккредиттеудің және рейтингтің тәуелсіз Агенттігі» коммерциялық емес мекемесі Сыртқы эксперттік комиссиясының тексеру қорытындысы бойынша факультеттің 5B060700-Биология, 5B060800-Экология мамандықтары мамандандырылған аккредиттеуден 5 жылға сәтті өтті.

Факультетте 5B011200-Химия және 5B011300-Биология мамандықтарында білім беру көптілділік бағдарламасы бойынша жүзеге асырылады.

Факультет Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі тарапынан республиканың барлық жоғары оқу орындары арасындағы өткізілетін рейтингке тұрақты қатысып келеді:

- 5B011300-Биология - III орын (2017ж.).

ШЕТЕЛ ТІЛДЕР ФАКУЛЬТЕТІ

Мекен -жайы: Ақтөбе қаласы, Гришин көшесі, 7А.

Факультет бакалавриаттың 3 мамандығы бойынша мамандар дайындайды:

- 5B011900-Шетел тілі: екі шетел тілі;
- 5B020700-Аударма ісі;
- 5B021000-Шетел филологиясы.

Факультет Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі тарапынан республиканың барлық жоғары оқу орындары арасындағы өткізілетін рейтингке тұрақты қатысып келеді:

- 5B021000- Шетел филологиясы - V орын (2017г);

ФИЗИКА-МАТЕМАТИКА ФАКУЛЬТЕТІ

Мекен -жайы: Ақтөбе қаласы, Ағ.Жұбановтар көшесі, 263.

Факультет бакалавриаттың 9 мамандығы, магистратураның 6 мамандығы және докторантура 1 мамандығы бойынша мамандар дайындайды:

Бакалавриат:

- 5B010900-Математика;
- 5B011000-Физика;
- 5B011100-Информатика;
- 5B060100-Математика;
- 5B060200-Информатика;
- 5B060400-Физика;
- 5B070300-Ақпараттық жүйелер;
- 5B070400-Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету;
- 5B070500-Математикалық және компьютерлік модельдеу.

Магистратура: 6M010900-Математика, 6M011000-Физика, 6M060100-Математика, 6M060200-Информатика, 6M060400-Физика, 6M070300-Ақпараттық жүйелер.

Докторантура: 6D060100-Математика.

2013 жылы өткізілген «Аккредиттеудің және рейтингтің тәуелсіз Агенттігі» коммерциялық емес мекемесі Сыртқы эксперттік комиссиясының тексеру қорытындысы бойынша факультеттің 5B010900-Математика, 5B011000-Физика, 5B011100-Информатика және 2015 жылы 5B060100-Математика, 5B060400-Физика мамандықтары мамандандырылған аккредиттеуден 5 жылға сәтті өтті.

Факультетте 5B010900-Математика, 5B011000-Физика, 5B011100-Информатика мамандықтарында білім беру көптілділік бағдарламасы бойынша жүзеге асырылады

Факультет Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі тарапынан республиканың барлық жоғары оқу орындары арасындағы өткізілетін рейтингке тұрақты қатысып келеді:

- 5B011000-Физика - I орын (2017ж.);
- 5B060200-Информатика - IV орын (2016ж);
- 5B060400-Физика - IV орын (2016ж.).

**2. Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің
АКАДЕМИЯЛЫҚ КҮНТІЗБЕСІ
2017-2018 оқу жылына арналған**

ЖОО студенттерді қабылдау	28 тамыз
Элективті пәндерге жазылу және ЖОЖ-ын толтыру кезеңі	29 тамыз
Конституция күні	30 тамыз
I СЕМЕСТР	
Білім күні	2 қыркүйек
Сабақ басталуы	4 қыркүйек
I межелік бақылау (1-Рейтинг)	16 -21 қазан
ҚР Тұңғыш Президенті Күні	1 желтоқсан
II межелік бақылау (2-Рейтинг)	11-16 желтоқсан
Тәуелсіздік күні	16, 17 желтоқсан
Аралық аттестация (қысқы емтихан сессиясы)	18 желтоқсан – 6 қаңтар
Жаңа жыл	1 – 2 қаңтар
Рождество Христово	7 қаңтар
Қысқы каникул	8 қаңтар – 27 қаңтар
II СЕМЕСТР	
Сабақ басталуы	29 қаңтар 2018 ж.
Халықаралық әйелдер күні	8 наурыз
Элективті пәндерге жазылу	12 наурыз –7 сәуір
Жеке оқу жоспарларын толтыру және бекіту	9 сәуір – 21 сәуір
I межелік бақылау (3-Рейтинг)	12-17 наурыз
«Наурыз» мейрамы	21-23 наурыз
II межелік бақылау (4-Рейтинг)	7 -12 мамыр
Қазақстан халықтары бірлігінің мейрамы	1 мамыр
Қазақстанда Отан қорғаушыларының күні	7 мамыр
Жеңіс күні	9 мамыр
Аралық аттестация (жазғы емтихан сессиясы)	14 мамыр-2 маусым
ЖАЗҒЫ СЕМЕСТР	
	4 маусым –21 шілде 2018ж.

Примечание: на некоторых специальностях, согласно рабочему учебному плану, будет проходить учебная практика.

**3. КРЕДИТТІК ЖҮЙЕМЕН ОҚЫТУДЫҢ НЕГІЗГІ ТҮСІНІКТЕРІ МЕН
АНЫҚТАМАЛАРЫ**

1. Ұлттық білім берудің оқу бағдарламаларын халықаралық тану, білім беру ұйымдарының білім алушылары мен оқытушыларының ұтқырлығын қамтамасыз ету, сондай-ақ білім беру сапасын арттыру және білім берудің барлық деңгейлерінің сабақтастығын қамтамасыз ету үшін білім беру ұйымдарында бірыңғай кредиттік оқыту технологиясы іске асырылады.

2. Кредиттік оқыту технологиясы кезінде оқу жұмысының еңбек сыйымдылығының есебі кредит арқылы өлшенетін оқытылатын материалдың көлемі бойынша жүзеге асырылады.

3. Кредиттік оқыту технологиясы білім берудің барлық деңгейлері бойынша бұрын меңгерілген кредиттердің өспелі есебін білдіретін жинақтаушы болып табылады.

4. Кредиттік жүйені қолданып, оқу жүйесін ұйымдастыру мүмкіндік береді:

- 1) білім көлемінің унификациясы;
- 2) барынша білім алушының өз бетімен білім алуына жағдай;

3) студенттің өзіндік жұмысының ролі мен тиімділігін арттыру.

5. Кредиттік технологияда келесі негізгі түсініктер мен анықтамалар қолданылады:

- **академиялық күнтізбе (*Academic Calendar*)** – оқу жылы ішінде демалыс күндері көрсетілген (каникул мен мейрамдар) оқу және бақылау шараларын өткізу күнтізбесі;

- **академиялық кезең (*Term*)** - үш нысанның біреуін таңдайтын өз білім беру ұйымының еркімен белгіленетін теоретикалық кезең: семестр, триместр, тоқсан;

- **академиялық ұтқырлық** – білім алушыларды немесе оқытушы - зерттеушілерді белгілі бір академиялық кезеңге: семестр немесе оқу жылына өзге жоғары оқу орнына (ел ішінде немесе шетелде) игерген білім бағдарламаларын міндетті түрде кредит түрінде сынақ ретінде тапсыра отырып өз ЖОО-сында немесе өзге ЖОО-да білімін жалғастыру немесе зерттеулер жүргізу үшін ауыстыру;

- **академиялық сағат** – кесте бойынша оқу сабақтардың (аудиториялық жұмыс) барлық түрлері немесе жеке бекітілген график бойынша білім алушылардың оқытушымен байланыс жұмысының уақыты;

- **білім алушының академиялық рейтингі (*Rating*)** – аралық аттестаттау нәтижелері бойынша жасалатын білім алушының оқу бағдарлама пәнін игеру деңгейінің сандық көрсеткіші;

- **бакалавриат** – жоғары білімнің мамандандырылған оқу бағдарламасы, мамандықтар бойынша 4 жыл нормативтік мерзімде оқып, 129 теориялық кредит және 6 мамандандырылған тәжірибе меңгеріп, «бакалавр» академиялық дәрежесі негізінде мамандар дайындауға бағытталған;

- **білім алушыларды аралық аттестаттау** - білім алушының емтихан сессиясы кезеңінде бір пәннің толық көлемін немесе бір бөлігінің мазмұнын аяқтап болғаннан кейін оның игеру сапасын бағалау мақсатында өткізілетін рәсім;

- **білім алушылардың өзіндік жұмыстары (БӨЖ)** - өз бетінше оқуға берілген, оқу-әдістемелік әдебиеттермен және ұсынымдармен қамтамасыз етілген, тест, бақылау жұмыстары, коллоквиумдар, рефераттар, шығармалар мен есеп берулер түрінде бақыланатын тақырыптардың нақты тізбесі бойынша жасалатын жұмыс; білім алушының санатына қарай ол студенттің өзіндік жұмыстары (СӨЖ), магистранттың өзіндік жұмыстары (МӨЖ) және докторанттың өзіндік жұмыстары (ДӨЖ) болып бөлінеді; БӨЖ-дің барлық көлемі білім алушылардан күнсайын өзіндік жұмыстарды талап ететін тапсырмалармен расталады;

- **білім алушылардың оқудағы жетістігі** - білім алушылардың оқу үдерісінде алатын және жеке тұлғаның қол жеткізген даму деңгейін көрсететін білімі, іскерліктері мен дағдылары, құзыреті;

- **білім алушылардың оқудағы жетістіктерін бақылау** - жоғары оқу орындары дербес анықтайтын бақылау мен аттестаттаудың әртүрлі нысандары арқылы (ағымдық, межелік, қорытынды) білім алушылардың білім деңгейін тексеру;

- **білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау** – академиялық кезең ішінде, оқытушымен өткізілетін аудиториялық және аудиториялардан тыс сабақтарда білім алушылардың білімін оқу бағдарламасына сәйкес жүйелі түрде тексеру;

- **модуль** – білім алушылардың игеретін нақты білімі, дағдысы және құзіреттілігі қалыптасқан оқу нәтижесі тұрғысында аяқталған, дербес білім бағдарламасының құрылымдық элементі.

- **модульдік білім беру бағдарламасы** – білім алушылардың белгілі бір академиялық дәреже және біліктілік алу үшін қажетті негізгі құзіреттіліктерді игеруге бағытталған оқу модульдерінің жиынтығын қамтитын оқу бағдарламасы.

- **модульдік оқыту** – модуль бойынша жасалған білім бағдарламасы, оқу жоспары және оқу пәндерінің негізінде оқу үдерісін ұйымдастыру әдісі.

- **межелік бақылау** – бір оқу пәнінің ірі бөлімін (модулін) аяқтағанда білім алушылардың оқу жетістіктерін бақылау;

- **қорытынды бақылау** – емтихан түріндегі аралық аттестаттау кезеңінде жүргізілген оқу пәні бағдарламасын бағалау сапасының мақсатын игеру, білім алушылардың оқудағы жетістігін бақылау; егер бірнеше академиялық кезеңдер барысында пәндер оқытылатын болса, онда оқытылған нақты академиялық кезеңде, пәндерге бөлімдер бойынша, қорытынды бақылау жүргізіледі;

- **жеке оқу жоспары (*Curriculum*)**- білім алушымен ҮОЖ және элективті пәндердің каталогы негізінде эдвайзердің көмегімен әрбір оқу жылына дербес жасалатын оқу жоспары;

- **кредит (*Credit, Credit-hour*)** – білім алушының/оқытушының оқу жұмысы көлемін өлшейтін сәйкестендірілген бірлігі;

- **кредиттік оқу жүйесі** – білім алушы мен оқытушының оқу жұмысы көлемінің біріздендірілген өлшем бірлігі ретінде кредитті қолдану арқылы, білім алушының пәндерді таңдауы және реттілікпен оқуын дербес жоспарлауы негізінде оқыту;

- **оқу пәніне жазылу (*Enrollment*)** – білім алушылардың оқу пәніне белгілі бір тәртіппен алдын ала жазу рәсімі;

- **оқу үлгерімінің орташа балы (*Grade Point Average - GPA*)** – (ағымдық оқу кезеңі бойынша кредиттердің жалпы санына қарай аралық аттестаттау пәндерінің балдық бағасының сандық эквиваленті мен кредиттер сомасының қатынасы) білім алушының таңдаған бағдарлама бойынша бір оқу жылындағы қол жеткізген оқу үлгерімінің таразыланған орташа бағасы;

- **оқу жұмыс жоспары** - мамандықтың ҮОЖ және білім алушының жеке оқу жоспары негізінде білім беру ұйымдары дербес әзірлейтін құжат;

- **транскрипт (*Transcript*)** – білімді бағалаудың сандық және әріптік жүйесі бойынша кредиттері мен бағалары көрсетілген тиісті кезеңде өтілген пәндердің тізбесі бар құжат;

- **тьютор** – студенттің нақты пәнді игеруі бойынша академиялық кеңесші рөлін атқаратын оқытушы;

- **үлгілік оқу жоспары** - білім берудің кәсіптік оқу бағдарламасының оқу пәндерінің тізбесі мен көлемін, оларды оқытудың тәртібін және бақылау нысандарын реттейтін құжат;

- **эдвайзер (*Advisor*)** – тиісті мамандық бойынша білім алушының академиялық тәлімгерінің қызметін атқаратын, оқу траекториясын таңдауына (жеке оқу жоспарының қалыптасуына) және оқу кезеңінде білім беру бағдарламаларын игеруіне ықпал ететін оқытушы;

- **элективті пәндер (*Electives*)** – белгіленген кредит шеңберінде және білім беру ұйымы енгізетін таңдау бойынша, білім алушылардың жеке дайындығын көрсететін әлеуметтік-экономикалық дамытудың ерекшеліктерін және нақты өңірдің, жоғары оқу орындарында ғылыми мектеп пайда болатын қажеттіліктерін есепке алатын компонентке кіретін оқу пәндері;

- **элективті пәндер каталогі** – пәндер жиынтығы, соның ішінен студент өзінің оқитын пәнін өз бетінше таңдап алып, жеке оқу жоспарына сәйкес жазуларды жүргізеді;

- **оқу үлгерімінің орташа балы (*Grade Point Average - GPA*)** – (ағымдық оқу кезеңі бойынша кредиттердің жалпы санына қарай аралық аттестаттау пәндерінің балдық бағасының сандық эквиваленті мен кредиттер сомасының қатынасы) білім алушының таңдаған бағдарлама бойынша бір оқу жылындағы қол жеткізген оқу үлгерімінің таразыланған орташа бағасы;

- **екі дипломдық білім** – екі тең бағалы диплом (***Double Major***) немесе бір негізгі және екінші қосымша диплом (***Major Minor***) алу мақсатында екі оқу жоспары (білім беру бағдарламалары) бойынша параллельді білім алу мүмкіндігі.

4. ОҚЫТУДЫҢ КРЕДИТТІК ЖҮЙЕСІ БОЙЫНША ОҚУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

1. ЖОО-дағы оқу процесі ЖОО-ның ректоры бекіткен, академиялық күнтізбеге сай ұйымдастырылады. Оқу жылы 1 қыркүйекте басталады.
 2. 1-курсқа арналған білім беру бағдарламалар пәндерді модульдік жүйе негізінде оқыту бойынша жопарланады.
 3. Модульдер сабақтың әр түрлі үлгісін біріктіреді (дәріс, семинар, өз бетімен оқу және т.б.) және студенттердің өз білімдерін көрсету арқылы қол жеткізуге тиісті оқыту нәтижесін қамтиды.
 4. Студент бакалавр дәрежесін алу үшін оқудың барлық кезеңінде 129 кредит жинауы керек. 1 кредит оқу жұмысының 45 сағатына тең, оның 15 сағаты аудиториялық сағат, 30 сағаты оқытушының жетекшілігімен жүргізілетін студенттің өзіндік жұмысы (ОСӨЖ) және студенттің өзіндік жұмысы (СӨЖ).
 5. Дәрістік, практикалық (семинарлық) және студиялық сабақтардың әрбір академиялық сағаты СӨЖ-ның екі сағатымен ілестіріледі.
 6. Академиялық сағат дәрістік, практикалық (семинар) сабақтардың 1 байланыс сағатына (50 минут), студиялық сабақтың 1,5 байланыс сағатына (75 минут), зертханалық, дене тәрбиесі сабақтарының 2 байланыс сағатына (100 минут) тең.
 7. Бір оқу семестрінің академиялық көлемі 15 аптаны құрайды.
 8. Оқу траекториясы және сабақтар тізімдері студенттің жеке оқу жоспарында көрсетіледі, ол оқу жылының ІІ жарты жылдығында екінші, үшінші және төртінші курс студенттеріне бекітіледі, 1-курс студенттеріне 10 қыркүйекке дейін бекітіледі.
 9. Оқу процесін әдістемелік қамтамасыз етуді тьюторлар іске асырып, студенттерге төмендегі оқу әдістемелік материалдарын ұсынады:
 - оқу жоспарының әрбір пәні бойынша аудиториялық жұмыстар үшін материалдар, оның ішінде дәрістер, жоспарлар, семинар сабақтары және т.б.;
 - студенттің өзіндік жұмыстарының материалдары, оның ішінде әр пән бойынша өзін-өзі болжау материалы, жаттығу тесттары, бақылау тапсырмалары, әрбір пән бойынша емтихан сұрақтары;
 - тәжірибеден өтуге арналған материалдар, оның ішінде барлық түрі бойынша тәжірибенің жоспарлары мен бағдарламалары, есеп құжаттарының түрлері.
- Оқытудың кредиттік жүйесі бойынша оқу процесі төмендегі формаларда ұйымдастырылады: аудиториялық, дәріс, практикалық, семинар, лабораториялық, студиялық сабақтар, оқытушының жетекшілігімен жүргізілетін студенттің өзіндік жұмысы (ОСӨЖ), білім алушының аудиториядан тыс сабақтар.

5. ОҚУ ПӘНДЕРІНЕ ЖАЗЫЛУ ҮРДІСІ

Оқу пәндеріне тіркеу барысында типтік оқу жоспары мен элективті пәндер каталогы негізінде эдвайзердің басшылығымен білім алушылардың жеке оқу жоспары дайындалады. Білім алушының жеке оқу жоспары міндетті компонент пен таңдау компонентінің (элективті пәндер) оқу пәндері тізбесінен тұрады. Білім алушының жеке оқу жоспары 3 дана жасалып, факультет деканы немесе ЖОО-дан кейінгі білім беру бөлімінің басшысының қолымен бекітіледі. Бір данасы білім алушының мамандық бойынша оқу бағдарламаларын орындап, игергенін қадағалау үшін негізгі құжат ретінде деканатта сақталады, екінші данасы аралық бақылауларды ұйымдастыру үшін регистратор бөліміне берілсе, үшінші данасы білім алушының өзіне беріледі.

Білім алушының оқу пәндеріне жазылуда толтырылатын тіркеу құжатында (қағазында) студент туралы жалпы мәлімет (курсы, мамандығы, оқыту тілі т.б.) көрсетіледі.

Білім алушыларды оқу пәндеріне тіркеу мерзімі

1-3 курстағы білім алушылар келесі оқу жылына арналған жеке оқу жоспарларын эдвайзердің көмегімен белгіленген үлгі бойынша жазылады. Аталған жеке оқу жоспары білім алушының қол қоюымен факультет деканының бекітуімен регистратор бөліміне тапсырылады.

Эдвайзер білім алушыларды оқу пәндеріне жазылуын университеттегі белгіленген кестеге сай ұйымдастырады.

Оқу пәндеріне білім алушылардың тіркелуі немесе жеке оқу жоспарындағы өзгертулер мен толықтыруларға байланысты қайта тіркелуі туралы келісімі оқу семестрі басталған соң 10 күн ішінде нақтылануы мүмкін. Нақты мерзім академиялық күнтізбесінде көрсетілген. Бұл жағдайда студент белгіленген түрде өзгертулерді көрсетіп жазбаша сұранысты тіркеу бөліміне жібереді.

Егер **22 сәуірге дейін** таңдау бойынша ұсынылған пәнге жазылған білім алушылар саны белгіленген межеден төмен болса, ол пән мамандықтың оқу жоспарына енгізілмейді. Бұл туралы тіркеуші регистратор бөлімі мен эдвайзер білім алушыларға жазбаша хабарлайды. Бұл пәнге жазылған студенттер және магистранттар жеке оқу жоспарындағы өзгерістер туралы **10 мамырға дейін** өтініш берулері тиіс.

Егер келесі курсқа көшкен білім алушы жеке оқу жоспарын деканатқа белгіленген мерзімде тапсырмаса, ол сол курстың оқу жұмыс жоспары негізінде білім бағдарламасын игереді. 1-курсқа қабылданған білім алушылар үшін оқу пәндеріне тіркеу **29 тамызда** жүргізіледі.

6. БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ БІЛІМІН БАҚЫЛАУДЫ ӨТКІЗУ ЖӘНЕ ҰЙЫМДАСТЫРУ

ЖОО-да білім алушылардың білім жетістіктерін бақылау жүйесіне мыналар жатады: **ағымдық бақылау** көрсеткіші (ағымдық және аралық бақылаудың қорытындысы) білім алушылардың **аралық бақылау** (емтихан) және **қорытынды бақылау** (мемлекеттік емтихан, диплом жұмысын қорғау, жоба, ғылыми жұмыс).

Ағымдық бақылауды оқытушылар практикалық кезеңде, семинарлық, лабораториялық сабақтарда және ӨСӨЖ (студенттің оқытушымен жасалатын өздік жұмысы) мынадай формада жүргізеді: ауызша және аралас сұрақ, жазбаша бақылау, үй жұмысын қорғау, пікірталас, тренингтер, іскерлік ойындар, дөңгелек үстелдер, тестер және т.б.

Аралық бақылауды жүргізу бекітілген академиялық күнтізбенің оқу семестрінің 7-ші (немесе 8-ші) және 15-ші апталарымен сәйкес келеді. Аралық бақылауды өткізудің түрі мынадай: жазбаша, бақылау жұмысы, тестік түрде, курстық жұмыс қорғау, мәнжазбалар орындау, коллоквиум, конференцияларға қатысу т.б.

Оқу жүйесінде семестрдегі ағымдық бақылау бағалары және 2 аралық бақылаудың орта бағасы (7-ші және 15-аптада) рейтингтің бағасына қосылады. Рейтинг орта балы 60% құрайды.

Оқу жоспарында қарастырылған курстық жұмыс, графикалық-есептеу және басқа да жұмыстың түрлері емтиханға дейін қорғалуға тиіс және осы пән бойынша емтиханға жіберуге рұқсат етіледі. Осы жұмыс түрлерінің бағалары пән бойынша рейтингке жіберілгенде міндетті түрде ескерілуі тиіс (яғни рейтингтік бақылауды қорытындылау кезінде).

Қорытынды бақылау емтихан түрінде ауызша, жазбаша және тест түрінде аралық бақылау уақытында өткізіледі (қысқы және жазғы емтихан кезінде).

Модульдік оқыту аяқталған соң қорытынды бақылау модуль бойынша кешенді емтихан түрінде өтеді немесе модуль құрамындағы пәндердің әрқайсысынан өз алдына емтихан алынады. Қорытынды бақылау кешенді емтихан түрінде өткен жағдайда бағдарламаға негізгі пән бойынша сұрақтар енгізіліп, қалған пәндер бойынша қорытынды бақылау түрі мәнжазба, эссе немесе курстық жұмыс (жоба) түрінде өтеді. Кешенді емтихан

қорытындысының негізінде бағалау жалпы модуль бойынша, сонымен қатар әр пән бойынша жекелей жүргізіледі.

Оқу жылында академиялық күнтізбе бойынша кестеге сәйкес 2 рет жүргізіледі.

Білім алушылардың әр пән бойынша білім көрсеткіштері қорытынды бағалармен, рейтинг бағаларын қосып есептегенде, естихан бағалары және бақылау бағалары қосылады.

Қорытынды бақылаудың орташа бағасы (емтихан) пән бойынша білімі қорытынды бағаның 40 пайызын құрайды. Білім алушы қорытынды бақылауда (емтихан «қанағаттанарлықсыз» бағасын алғанда) пән бойынша емтиханның қорытынды бағасы есептелінбейді.

Пән бойынша қорытынды баға пайыздық көрсеткішпен төмендегіше ажыратылады:

$$И \% = \frac{T_1 + \dots + T_n}{n} + \frac{P_1 + P_2}{2} \times 0,6 + Э \times 0,4$$

мұнда: T_1 – бірінші ағымдық бақылау бағасы;

n – тапсырмалар саны;

P_1 – бірінші рейтингтің бағасы;

P_2 – екінші рейтингтің бағасы;

$Э$ – емтихан бағасы.

Білім алушылардың білім нәтижесі барлық оқу тапсырмалардың бағалануы балдық-рейтинг әріппен таңбаланады.

Білім алушылардың білім нәтижелерін әріптік жүйемен бағалау

Пайыз есебімен бағалау	Әріппен бағалау	Бағалаудың сандық баламасы	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалау
95-100	A	4,0	Өте жақсы
90-94	A-	3,67	
85-89	B+	3,33	Жақсы
80-84	B	3,0	
75-79	B-	2,67	
70-74	C+	2,33	Қанағаттанарлық
65-69	C	2,0	
60-64	C-	1,67	
55-59	D+	1,33	
50-54	D	1,0	
0-49	F	0	Қанағаттанарлықсыз

Қорытынды бақылаудың бағасын көтеру мақсатында аралық аттестация (емтихан кезінде) кезінде қайта тапсыруға рұқсат етілмейді.

Білім алушылардың орташа бағасы (GPA) оқу жылында жазғы семестрді қоса есептегенде шығады.

Білім алушы келесі курсқа өту үшін қажетті бағаны жинағанда ЖОО басшысының бұйрығымен ауысады.

$$GPA = \frac{I_{ц1} \times K_1 + I_{ц2} \times K_2 + \dots + I_{цn} \times K_n}{K_1 + K_2 + \dots + K_n}$$

қайда: $I_{ц1}, I_{ц2}, \dots, I_{цn}$ – санды эквивалент бойынша пәндердің қорытынды бағасы;

K_1, K_2, \dots, K_n – кредит бойынша оқылған пәндер көлемі;

n – барлық оқу кезеңі бойынша өткен пәндер саны.

Курстан курсқа көшіру үшін өту балын – білім алушыны келесі курсқа көшіруге рұқсат беретін өту балын курстар бөлінісінде жоғары оқу орындары дербес белгілейді.

Білім алушы курстан курсқа көшу қажетті балын жинаған жағдайда жоғары оқу орнының ректорының приказымен келесі курсқа көшіріледі.

Курстан курсқа көшіру үшін қажетті балл жинамаған білім алушы сол курсында қалады.

Курстың толық көлемдегі бағдарламасын орындаған, бірақ курстан курсқа өту балын жинамаған (GPA) білім алушыға орташа балын көтеру мақсатында жазғы семестрде қайта оқуға мүмкіндік беріледі, кейбір пәндерді ақылы негізде (мемлекеттік емтихан тапсырылатын «Қазақстан тарихы» пәнінен басқасы) қайтадан емтихан тапсыруға болады.

Білім алушының қорытынды бағалары екінші рет емтиханда тапсырған бағаларын қоса есептеп транскрипке толтырады.

Курсты қайталап оқу үшін қалған білім алушы бұрын қабылданған жеке оқу жоспарына сәйкес немесе жаңадан құрылған жеке оқу жоспарымен оқытылады.

Білім алушы басқа ЖОО ауысқан жағдайда (немесе мамандықтан) және қайта қабылданғанда оқу жоспары бойынша пән айырмашылықтарын, академиялық кезеңде жеке пәндерді ақылы негізде тапсырады және айырмашылықтарды жояды.

Мемлекеттік тапсырыспен оқитын білім алушы курстан курсқа көшпей қалған жағдайда оқу аяқталғанға дейінгі мерзімде мемлекеттік тапсырыспен оқудан айырылады.

Білім алушы оқу жоспарын толық орындаған жағдайда мемлекеттік қорытынды аттестаттауға жіберіледі.

Білім алушыларды **қорытынды аттестаттау** – студенттердің білім деңгейіне сәйкес мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын игеру дәрежесін айқындау мақсатында жүргізілетін рәсім. Мамандық бойынша мемлекеттік емтихан кәсіптік пәндер және дипломдық жұмыс (жоба), магистрлік диссертацияны қорғау негізінде қорытынды аттестаттау жүргізіледі.

Білім алушыға қорытынды аттестаттау нәтижесінде академиялық «бакалавр», «магистр» дәрежесімен диплом беріледі.

Бакалавриат немесе арнайы жоғары білім беру бағыты бойынша емтихандар мен сараланған сынақтарды «А», «А-», «В-», «В», «В+» деген бағаға тапсырған және оқытудың барлық кезеңінде үлгерімінің орта балы 3,5-ке тең мемлекеттік емтихан мен диплом жұмысын (жобасын) «А», «А-» деген бағаға тапсырған білім алушыға үздік диплом (әскери даярлығы бойынша бағасын ескермегенде) беріледі.

7. АПЕЛЛЯЦИЯ

Білім алушы рейтингті бағасын және қорытынды бақылауды (емтихан) апелляцияға беруге құқылы.

Білім алушы аралық және қорытынды бақылаудың бағаларымен келіспеген жағдайда ертеңгі жұмыс күніне қалдырмай апелляцияға беруге болады.

Апелляция қорытындысы негізінде хаттама толтырылады және соның шешімімен арнайы емтихан ведомосы (апелляцияны қоса есептегенде) толтырылады, емтихан ведомосына қоса тігіледі.

8. ЖАЗҒЫ СЕМЕСТР

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті білім алушылардың жазғы семестрін өткізу жазғы уақытта академиялық мүмкіндіктерді пайдалану мақсатында ерікті түрде білім алушының өтініші негізінде ұйымдастырылады.

Жазғы семестр мынадай мақсаттарда енгізіледі:

- білім алушылардың жеделдетілген немесе қосымша оқу қабілеттілігін қанағаттандыру;
- ауысу, қайта қабылдау, академиялық демалыстан оралу барысында оқу жоспарларындағы айырмашылықты жою;

- академиялық қарыздарды жою.

Жазғы семестрдің уақыты Академиялық күнтізбесімен белгіленеді. Регистратор бөлімі жазғы семестрдегі пәндерге жазылуды **25 сәуірге** дейін жүргізеді. Жазғы семестрдің сабақ кестесі **мамыр** айында (**1 маусымнан кешіктірілмей**) жасалады.

Регистратор бөлімі деканаттар мен кафедралармен бірлесіп жазғы семестрде оқытылатын пәндер тізімін анықтайды.

Жазғы семестрге тіркелуге белгіленген тарифке сәйкес оқу ақысын төлеген студенттер мен магистранттар жіберіледі.

Жазғы семестр үшін төлемақы төлеу уақыты ағымдағы жылдың **3-31 мамыр** аралығы. Егер оқу ақысын төлемеген жағдайда үміткердің аты-жөні жазғы семестрге тіркелушілер тізімінен алып тасталынады.

Жазғы семестрдегі білім алушылардың білімін бағалау.

Жазғы семестрде білім алушылардың білімін пәндерді жүргізетін оқытушылар балдық-рейтингтік жүйеге сәйкес бағалайды. Мамандықтың оқу жоспарына сәйкес білім алушылардың меңгерген оқу пәндерінің академиялық аттестаттау қорытындысы ағымдағы жыл бойынша GPA санауда есепке алынады.

9. УНИВЕРСИТЕТТЕ БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ АКАДЕМИЯЛЫҚ ҰТҚЫРЛЫҒЫ

Академиялық ұтқырлық – бұл білім алушылар мен оқытушы-зерттеушілердің белгілі бір академиялық кезеңде (оқу және өндірістік тәжірибені қоса отырып) ережеге сай, семестр немесе оқу жылы бойына, басқа жоғары оқу орнына (мемлекет ішінде) барып білім алу немесе зерттеу жүргізу үшін орын ауыстыру, кредит түрінде бекітілген тәртіпте меңгерілген білім бағдарламаларын өз ЖОО-да немесе басқа ЖОО-да білімін жалғастырады.

Академиялық ұтқырлықтың сыртқы (халықаралық) және ішкі (ұлттық) академиялық ұтқырлық түрлері ажыратылады. Сыртқы (халықаралық) академиялық ұтқырлық білім алушылар, магистранттар, докторлардың шетелге барып білім алуы, сонымен қатар оқытушылардың және қызметкерлердің шетелдегі білім беру және ғылыми оқу орындарындағы қызметтерін қамтиды.

Ішкі академиялық ұтқырлық бағдарламасы студенттерді, магистранттарды, докторларды оқыту, сонымен қатар белгілі қазақстандық ЖОО-дағы оқытушы-зерттеушілер қызметтерін қамтиды.

Ұлттық және сыртқы академиялық ұтқырлықтың мақсаттары:

- ғылыми жұмыстың тиімділігін арттыру және білім сапасын көтеру;
- ішкі интеграциялық байланысты құру және қазақстандық білім беру

ресурсын қолдану;

- ішкі еңбек ортасында білім алушылардың бәсекеге қабілеттігін қамтамасыз

ету;

- ішкі еңбек ортасында университет абыройын нығайту;

- білім беру және зерттеу ортасында ЖОО арасында ынтымақтастықты

тікелей дамыту;

- студенттерге, оқытушыларға және ЖОО қызметкерлеріне академиялық

ұтқырлыққа байланысты мүмкіндіктер жөнінде мәлімет беру.

Байқау бойынша таңдаудың басты өлшемдері ретінде студенттің өзі түскен ЖОО-да бір академиялық кезеңді аяқтауы, «А», «А-», «В+», «В», «В-» бағаларына үлгеру және GPA-ге сәйкес көрсеткіші алынады.

Академиялық ұтқырлық сұрақтары бойынша 211 кабинетке хабарласыңыз.

10. СТУДЕНТТІҢ ҚҰҚЫҒЫ МЕН МІНДЕТІ

1. Студент ішкі тәртіп Ережелерін, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік

университетінің Жарғысын және оқу тәртібін қатаң сақтауға міндетті.

2. Оқудың кредиттік жүйесіне сай студент регистратор бөлімінің белгілеген кестесі бойынша оқу жоспарын толтырып, тапсыруға міндетті.

3. Университет студенттері аудиторлық сабақтардың кестесіне сай жеке оқу жоспарында қарастырылған барлық сабақтарға қатысуға міндетті. Кейбір жағдайларда ЖОО-ң әкімшілігінің келісімімен сабаққа жеке кесте бойынша қатынасуға рұқсат етіледі.

4. Оқуды жалғастыруға ниеті жоқ студент университеттен өз еркімен шығуға құқылы.

5. Университет әкімшілігі ЖОО-ң Жарғысындағы, ішкі тәртіп Ережесіндегі міндеттерді орындамағы үшін студентке оқудан шығаруға дейін тәртіптік жаза қолдануға құқылы. Оқудан шығарту университет ректорының бұйрығымен рәсімделеді.

6. Оқытудың кредиттік жүйесіндегі академиялық үлгермеушілігі бар студенттер пәндерді ақылы негізде қайта тапсыруға құқығы бар.

7. Оқу кезеңінің қысқы немесе жазғы демалыс кезінде оқудан шығарылған студент, оқу жоспарындағы барлық айырмашылықтарды тапсырып, оқудың шығындарын толық өтегеннен кейін ғана оқуын ақылы бөлімде жалғастыра алады.

8. Студенттер оқу жоспарларындағы айырмашылықтарын тапсырған соң, жоғарғы оқу орнының біреуінен екіншісіне, бір мамандықтан екінші мамандыққа ауысуына құқығы бар. Сонымен қатар жазғы қысқы демалыс кезінде ақылы бөлімнен мемлекеттік оқу грантының бос орнына ауысуына құқылы.

9. Ақылы бөлімде оқитын студент, оқу жоспарындағы барлық пәндерден бағасы «жақсы», «үздік» болған жағдайда ғана конкурс бойынша бос мемлекеттік грант орнына ауысуына құқығы бар. Ауысу ережелерімен деканатта танысуға болады.

10. Студент жоғарғы оқу орнының қызметі жөніндегі сұрақтарды талқылау мен шешімдер қабылдау жұмыстарына ЖОО-ның қауымдық мекемелері мен басқару органдары арқылы қатысуға құқылы.

11. Студент ғылыми-зерттеу жұмыстарының барлық түрлеріне, конференцияларға, конкурстарға қатысуға, ЖОО-ң басылымдарында өзінің ғылыми жұмыстарын басылымға беруге, кітапхананың ақпараттық ресурстарын пайдалануға құқығы бар.

12. Студент білім саласындағы орталық атқару органы белгілеген тәртіп бойынша академиялық демалыс алуға құқығы бар.

13. Студенттердің ұсыныстары мен өтініштерін алдымен факультет деканы қарайды. Факультет декандары факультетте белгіленген күндері, академиялық және жеке сұрақтары бойынша студенттерді қабылдайды.

14. Егер мәселенің шешілуі деканның қызметтік құзырынан шығып кетсе, онда оның келесі сатысы ЖОО-ы ректорының орынбасарларынан тұратын проректорлық корпус болып табылады.

15. Даулы мәселе болған жағдайда соңғы шешімді университет ректоры қабылдайды. Ректордың қабылдауына алдын-ала жазылу жүргізіледі.

11. СТУДЕНТТЕР ЭТИКАСЫ

Кәсіптік, оқу қызметін біріктіретін әрбір ұжымда адамның моральдік бейнесін, оның даму деңгейі мен әлеуметтік мәдениетін сипаттайтын, әдеп тәртібінен тұратын ережелер бар. Жоғарғы оқу орындарында студенттердің оқу және ғылыми-зерттеу жұмыстары мен профессор-оқытушылар құрамының кәсіптік қызметінің атмосферасын құрайтын академизм рухы қалыптасқан.

1. Студенттер оқу ғимаратында жүрген кезде өзара қарым-қатынаста болып, оқу орындарындағы оқытушыларға, қызмет көрсету қызметкерлеріне, көмекке зәру оқу ғимараттарының құрылысынан бейхабар адамдарға өзара сыпайыгершілік танытып, сыйластықта болуы керек.

2. Күзгі-қысқы мезгілдерінде ғимаратқа кірген кезде бас киімдерін шешіп, сыртқы киімдерін гардеробқа тапсырулары керек. Сабақ үстінде сыртқы киіммен отыруға рұқсат етілмейді.

3. Академиялық сабақтардың барлығына қатынасу керек. Сабаққа қатыспаған жағдайда түсініктеме қағаздары мен растау құжаттарын тапсыру керек.
4. Сабаққа кешігіп келу немесе қатынаспау академиялық ережелердің бұзылуы болып саналады және пәндер бойынша кредит жинау шарттарына әсер етеді.
5. Сабақ арасындағы үзілістер кезінде дәліздердегі, баспалдақ тардағы өту жолдарын қоршамай рекреация мен холдардан өту керек.
6. Сабақ өту, сабаққа дайындық барыстарында оқу ғимараттарында, кітапхананың оқу залдарында тыныштық сақтауы керек.
7. Топтағы кезекшілік кесте бойынша аудиторияны сабақтың басталуына дайындау қажет.
8. Студенттер этикалық нормаға сәйкес, жасы үлкен адамдармен тұрып сөйлесіп, аудиторияға кірген оқытушымен да орындарынан тұрып амандасу керек.
9. ЖОО-ң студенті қоғамдық орындарда, көлікте жасы үлкен кісілерге, мүгедектерге жол беріп қоршаған ортаға үлгі көрсетеді, бұзақылық жасамай, адамдарға дөрекі мінез көрсетпей, қоғамдық тәртіпті сақтау шараларына белсене қатынасуы керек.
10. ЖОО-ң студенті сөйлеу барысында дөрекі, анайы, бей әдеп сөздерден қашық болуы керек, әсіресе өзінің болашақ кәсібінің қалыптасуына маңызы бар сөйлеу мәдениетін үнемі арттыру керек.
11. ЖОО-ң студенті қоршаған орта үшін болашақ ұстаз, тәрбиеші ретінде жоғары мәдениет үлгісі болып саналады.

12. УНИВЕСИТЕТ КІТАПХАНАСЫ

Кітапхана университеттің оқу және ғылыми жұмыстарын мағлұматпен қамтамасыз ететін негізгі құрылымы болып саналады.

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің кітапханасы жоғарғы оқу орнының мағлұматтық орталығы, университеттің бірыңғай жүйесінің бөлігі және оқу процессінің маңызды құрылымы болып саналады.

Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ кітапханасы университеттің 5 оқу ғимаратында орналасқан. Әрбір оқу ғимаратында абонемент және оқу залдары жұмыс жасайды. Университет басшылығының қамқорлығы арқасында кітапхана қоры жаңа оқулықтармен тұрақты толтырылып отырылады. Жыл сайын кітапхана қорына 30 мыңнан аса ғылыми және оқу басылымдарының қағаздық және электрондық нұсқасы, сонымен қатар 230 журнал мен газеттер келіп түседі. Кітапханада әліппелік, жүйелік және электронды каталогтар да есепте бар. 1999 жылдан бастап кітапхана қорындағы оқулықтар, газет-журналдар беттеріндегі мақалаларға талдау жүргізетін «ИРБИС» бағдарламасымен жұмыс жасайды.

Электрондық каталогтердегі мағлұматтар қорына кітапхананың 17 компьютері арқылы пайдалануға болады.



Оқу залы және абонементтегі оқырмандарға қызмет көрсетуді, оқырмандарды кітапхананың ақысыз қызметтерімен қамтамасыз етуді, кітапхана қорындағы және жаңадан түскен басылымдармен оқырмандарды таныстыру мақсатында ақпараттық шаралар ұйымдастырады. Библиографиялық-кітапханалық бөлім жүйесін таныстыру жөнінде сабақтар өткізіледі, оқырмандардың сұраныстарына және оқу жүйесінің бағытына сәйкес оқулықтар қорын жинақтайды. Кітапхананың анықтамалық-іздеу ақпаратын электрондық нұсқада және карточкалық нұсқада жұмыс жасауын қамтамасыз етеді.

Сіздерге қызмет жасайды:

- Университеттің электрондық кітапханасы (ЭБ АРГУ);
- Республикалық жоғары оқу орындары аралық электронды кітапхана (РМЭБ);
- Қазақстандық ұлттық электрондық кітапхана (Каз НЭБ);
- Қазақстандық виртуалдық ғылыми кітапхана (ВНВ);
- «Республикалық ғылыми-техникалық кітапхананың» Ақтөбе бөлімшесі;
- Россия мемлекеттік кітапханасының диссертация қорына ену «Россияның ғылыми-техникалық кітапханасының» Ақтөбе бөлімшесіндегі электрондық зал арқылы атқарылады;
- Web of Science қорын пайдалану;
- Springer Link қорын пайдалану.

Кітапханаға оқырманның тіркелуі жеке куәлік негізінде университетке түскен студенттер тізімі бойынша жүргізіледі; ПОҚ және қызметкерлер кадр бөлімі берген анықтама бойынша. Оқырмандарға 3x4 суреті бар оқырман билеті беріледі.

Кітапхана оқырмандарына кітаптар электронды және қағаз түрінде, күнделікті баспасөз шығарылымдары және басқа да деректер ұсынылады. Оқырманға кітап таңдауда кітапхана тарапынан жанжақты көмек көрсетіледі.

Кітапхана жыл сайын оқырмандарды қайтадан тіркеуден өткізеді. Оқу жылы аяғында студенттер бережақ кітаптарын толық кітапханаға өткізуі тиіс. Басқа жағдайда оларға қызмет көрсетілмейді.

Анықтамалық- мағлұматтық қызмет алу үшін кітапханаға келіңіздер, электрондық каталогпен пайдаланыңдар! Біз сіздердің кітаптарға, журналдара деген көзқарастарыңыздың жақсы екендігіне сенімдіміз.

13. ЖАТАҚХАНАДА СТУДЕНТТЕРДІҢ ТӘРТІП ЕРЕЖЕЛЕРІ

Университетте 2 студенттер жатақханасы бар.

№1 жатақхана (мекен-жайы: Ақтөбе қаласы, Маресьева көшесі, 78, телефон: (7132 54-42-71): оқу бөлмесі, демалыс бөлмесі, жуынатын бөлме, ас үй және т.б. бөлмелер бар. Оқу бөлмесі шағын кітапханамен және 20 ноутбукпен жабдықталған, сонымен қатар WiFi жүйесіне қосылған. Ал демалыс бөлмесінде ОТАУ ТВ спутниктік теледидар орнатылған. Аталған бөлмелер жатақхананың 1-қабатында орналасқан. №1 жатақханада 620 орын бар.

№2 жатақхана (мекен-жайы: Ақтөбе қаласы, Ағ.Жұбановтар көшесі, 280, телефон: 56-05-28): тазалық бөлмесі, оқу бөлмесі, демалыс бөлмесі, акт залы, интернет класс, киім жуатын, кептіретін және киім үтіктейтін арнайы бөлмелер бар. Аталған бөлмелердің барлығы бірінші қабатта орналасқан. №2 жатақханада 485 орын бар.

Қазіргі таңда 600 орынға арналған жатақхана ғимараты аяқталуға жақын.

Студенттік жатақхана төрт-бес жыл ішіндегі тұрақты үйі, ал онда тұратын студенттер бір отбасының мүшелері болып саналады. Бұл үй аудиторлық сабақтар мен өз бетінше білімін көтеру мақсаттағы белсенді шығармашылық демалыс және өзіндік жұмыстар жүргізетін орын болып табылады.

Көпшілік студенттер үшін алғаш рет туған оқу орнында жолдастарымен бірге өткізетін көпжоспарлы, әр түрлі проблемалы өмірі басталады.

Жатақханадағы өмірдің оқу ғимаратындағы жұмыстан біраз өзгешелігі бар. Нақты осында тәрбиелі адамның шыншылдық, адалдық, қарапайымдылық, сыпайылық пен

әдептілік сияқты адамгершілік рухани қасиеттері пайда болады. Жеке адамға деген назар, сыйластық, адамгершілік қасиеттерінің тудыру мүмкіндіктері кеңінен ашылады. Жатақханада тұратын студенттің тәртібінің оқу ғимаратындағы тәртіп ережелерімен сәйкестігіне қарамастан, кейбір ерекшеліктері мен өзгешеліктері бар.

1. Жатақханада тұратын әрбір тұрғын ішкі тәртіп ережелерін қатаң сақтауға студенттік кеңестің, басқа да басқарушы қызметтердің шешімдерін, жатақхана бойынша кезекшіліктің барлық түрлерін адал орындауға міндетті.

2. Жатақханада тұратын студенттердің нәтижелі жұмыс жасаулары және мәдениетті демалулары үшін барлық жағдайлар жасаулары керек. Бірге тұратын көршілерге өзіндік жұмыс уақыттарында өзге әңгімелермен, музыкамен, даңғаза шумен жағаласуға тиым салынады.

3. Бірге тұратын студенттер әр түрлі мәселелерді тыныш, сыпайы түрде шешіп, бір-біріне жол беріп, түсіністікпен қарауы керек, тәртіптеріндегі келеңсіздік, қатты сөйлеу т.б. адамға тән қасиеттердің ережелерін бұзғаны болып есептелінеді.

4. Жатақханадағы студенттер көршілерімен сыпайы болып, сөз және іс жүзінде бір-біріне көмектесіп, өзара көмек принциптерінде қарым-қатынасты нығайта білулері керек.

5. Студенттер жатақхана әкімшілігінің және өз жолдастарының еңбектерін қадірлеуге міндетті. Пайдалы еңбек қоғамда әрқашанда қадірлі. Әрбір студент жатақхана тұрғындарына қолайлы жағдай жасап, тәртіп сақтап отыратын, студенттік өзін-өзі басқару органдарының қызметін байланыстыратын адамдардың еңбектеріне аса құрметпен, сыйлылықпен қарау әрбір студенттің парызы болып табылады.

6. Жатақханада тұратын студенттер өз бөлмелері мен қоғамдық пайдалану орындарын таза және санитарлық-гигиеналық жағдайда ұстауға міндетті. Студенттерге олақтық, салақтық жараспайды, жатақханаға мас күйінде көрінуге, спирттік ішімдіктер ішуге үзілді-кесілді тиым салынады.

7. Студенттер барлық ғимараттардың көріктенуі мен эстетикалық безендірілуіне, жиһаздар мен тұрмыстық жабдықтардың сақталуына, мүліктерді бүлінбеуіне қамқорлық жасаулары керек. Бөлмелерді безендіргенде эстетикалық талғамның сақталуына көңіл бөлу керек.

Жатақханада тұру ережесін студенттердің өзін-өзі басқару органдарына толықтырып, нақтылауына болады.

14. МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕРІ

Мекен-жайы: Ақтөбе қаласы, Ағ.Жұбановтар көшесі, 280, телефон: 24-36-75; 84-95-59.

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінде мамандандырылған емхана жұмыс жасайды. Университет емханасы келесі бағыттар бойынша жұмыс жасайды:

- науқа с студенттерді қабылдау;
- жыл сайын профилактикалық бақылаудан өткізу;
- диспансерлік бақылау;
- профилактикалық екпе жұмыстары және т.б.

Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ-дің барлық оқу ғимаратында медпункт орналасқан.

15. СПОРТПЕН ШҰҒЫЛДАНУ

Университет спорттық іс-шараларға әрдайым көңіл бөліп келеді. Оқу-жаттығу сабақтарына арналған күрес, хореография, үстел теннисі, мылтық ату, ауыр атлетика залдары мен интеллектуалдық спорт түрлеріне арналған кабинеттермен және спорттық құрылғылармен қамтамасыз етілген спорт кешендері бар. Спорт кешенінің аумағында теннис корты, футбол алаңы орналасқан және де университетте 1700 ш.м. жүзуге, су спорты түрлеріне арналған бассейн жұмыс жасайды.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе	3
Жалпы мәлімет	4
2017-2018 оқу жылына арналған Академиялық күнтізбе	9
Оқытудың кредиттік жүйесі туралы түсінік	9
Оқытудың кредиттік жүйесі бойынша оқу процесін ұйымдастыру	12
Оқу пәндеріне жазылу үрдісі	12
Білім алушылардың біліміне бақылау өткізу және ұйымдастыру	13
Апелляция	15
Жазғы семестр	15
Университетте білім алушылардың академиялық ұтқырлығы	16
Студенттің құқығы мен міндеті	16
Студенттер этикасы	17
Университет кітапханасы	18
Жатақханада студенттердің тәртіп ережелері	19
Медициналық қызметтері	20
Спортпен шұғылдану	20